

«БЕКІТЕМІН»

КР ЕЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры

Р.Т. Емелбаев



2023 ж.

«Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және өндіеу» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттесттатау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын өзірлеу мақсатында құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** 07211000– «Жемістер мен көкөністерді сақтау және қайта өндіеу» мамандығы, 3W07211001–«Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы», 4S072111003– «Жемістер мен көкөністерді сақтау және өндіеу техник-технологы» біліктіліктеріне; 07211100 – «Консервілер және тағам концентраттарын өндіру» мамандығы, 3W07211101– Консервілер мен тағамдық концентраттарды өндіру желілерінің операторы», 4S07211102– «Техник-технолог» біліктіліктеріне;
- 07211400 – «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндіеу технологиясы» мамандығы, 3W07211401– «Өсімдік өнімдерін өндірү және өндіеу желілерінің операторы», 4S07211402–«Техник-технолог» біліктіліктеріне арналған «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және өндіеу» пәні бойынша педагогтерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыппша
1	Жеміс және көкөністердің қалыптасуының биохимиялық және физиологиялық негіздері	1	Жеміс және көкөністердің қалыптасуының биохимиялық және физиологиялық негіздері. Өсімдік тексті шикізаттардың құрылышы мен қасиеттері, классификациясы. Шикізаттың биологиялық ерекшелігі. Өсімдік клеткасының құрылышы.
		2	Жеміс және көкөністердің сапасы мен қауіпсіздігі. Шикізатты қолдану мақсатына қарай сақтау және өндіеу әдістері мен тәсілдері.
2	Жеміс және көкөністердің химиялық құрамының жалпы сипаттамасы	3	Көкөністердің өсу және жетілуінің заңдылықтары. Жеміс мен көкөністердің химиялық құрамының жалпы сипаттамасы.
		4	Жеміс және көкөністердің құрамындағы құргақ заттар мөлшері, анықтау жолдары. Жемістер мен көкөністердің химиялық құрамының жеке топтарының маңызы: азотты заттар, ферменттер, көмірсулар, қанттар, крахмал, клетчатка, эфир майлары, органикалық қышқылдар, бояғыш заттар, дәрумендер, т.б. заттар.

	Жеміс және көкөністердің сапасы және ұзақ сақталуға өсіру жағдайлары, жинау мерзімінің тигізетін әсері	5	Жеміс және көкөністердің сапасы мен сақталғыштығы, қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар. Экологиялық және агротехникалық шаралар, сорттық ерекшеліктеріне байланысты орналастыру, өсіру жағдайлары.
3		6	Тыңайту және суландыру жүйесі. Зиянкестер мен арамшөптерге қарсы құресу. Жемістер және көкөністердің сапасы мен сақталу мерзімі. Жеміс және көкөністерді тауарлық өндіру механикаландырылған желілер.
4	Жеміс және көкөністердің сапасына жинау, тасымалдау және тауарлық өндірудің тигізетін әсері	7	Жеміс және көкөністердің тауарлық сапа көрсеткіштері. Жинау алды ұйымдастыру шаралары. Жеміс және көкөністердің пісіп жетілу мерзімін реттеу, сапа көрсеткіштері, сақталуы және өндіреу жарату. Жемістерді жинау. Көкөністерді казу.
5	Жеміс және көкөністердің жинаудан кейін тауарлық іріктеу және қайта өндіру	8	Жеміс және көкөністерді сортау. Жеміс және көкөністерді қолданысқа орналастыру. Жеміс және көкөністерді өндірістік қайта өндірудің түрлері,
		9	Жеміс және көкөністерді тауарлық өндіру түрі - тазарту, жуу. Жеміс және көкөністердің, өнделген дайын өнімдердің санитарлық сапасы, өнімнің тазалығы және кемшіліктерін, жарамсыздануын анықтау. Техникалық және табиғи шығындар.
6	Жеміс және көкөністерді тасымалдау және сақтауға қолданылатын ыдыстар	10	Жеміс және көкөністерді тасымалдау және сақтау мен өндіре кезіндегі тасымал көліктер. Тасымалдау мен қабылдау. Қысқа мерзімді сақтау. Жеміс және көкөністердің сапасына қойылатын талаптар, мақсатты қолдану-жеуеге жарату, сақтауға кою, қайта өндіре .
		11	Жеміс және көкөністерді тасымалдау және сақтау кезіндегі қолданылатын ыдыстар. Үйдистардың түрлері мен буып тиеуі. Қоймада шикізатты жайластыру. Қоймаларды экономикалық-технологиялық көрсеткіштермен бағалау. Стандартты өлшемді контейнерлер, жәшіктер және басқа ыдыстар. Шикізаттарды арту, түсіру механизмдері. Қойма ішілік өнімдерді жылжыту, орналастыру, буып түю, маркілеу.

	7	Жеміс және көкөністерді сақтаудың теориялық негіздері	12	Жеміс және көкөністердің сақталғыштық қабілеттің биологиялық негіздері: «сақталым», «ұзақ жатуға төзімділік» түсініктерін сипаттау. Екіжылдық көкөністер мен картоптың сақталымының биологиялық негізі, тыныштық кезеңі, сақтау кезендері мен ұзақтығы.
			13	Шекілдеуікті жемістердің және жемісті көкөністердің сақталғыштық қабілеттілігі. Тыныс алу процесінің жемістер мен көкөністерді сақтаудағы маңызы. Пісіп жетілуі мен зат алмасудың интенсивті өтуіне әсері. Климактериялық кезең.
	8	Жеміс және көкөністерді сақтаудың онтайлы жағдайлары	14	Жеміс және көкөністерді сақтау жағдайлары. Сақтау кезіндегі коршаган ортаның негізгі факторлары- температура, ылғалдылық, ортаның газды құрамы, қосымша факторлар.
			15	Жеміс және көкөністердің төзімділігі. Сақтау кезіндегі жемістер мен көкөністердің зиянкестері, аурулары және олармен құресу шаралары. Сақтауға қойылған өнім массасында ортаның өзгерісі. Сақтау жағдайының режимін тексеру. Қоймадағы өнімдердің сақтау режимін бақылау өлшегіш құралдар.
	9	Жеміс және көкөністерді сақтау әдістерінің жіктелуі	16	Жеміс және көкөністерді сақтау әдістерінің жіктелуі. Желдеткішті қоймалар. Жасанды сұтыплатын тоңазытқыш қондырығысының схемасы. Хладоагенттер. Сүйік азотты қолдану.
			17	Картопты сақтау технологиясы. Капустаны сақтау технологиясы. Тамыржемістілерді сақтау технологиясы. Пияз бер сарымсақты сақтау технологиясы. Шекілдеуікті жеміс және жидектерді сақтау технологиясы.
10		Картоп, жеміс және көкөністерді өндедің негіздері	18	Жеміс және көкөністерді өндедің ғылыми негіздері. Өндіріс сипаты және өндіру технологиясы. Жеміс және көкөністерді өндеді тәсілдері класификациясы. Шикізатты алғашқы өндеде операциялары - жуу, тазалау, бланширлеу. Дайын өнімді толтыру. Эксгаустирлеу, деаэрация. Консерві ыдысы қақпақтарын бекіту типтері, Консерві өнімін есепке алу.

11	Жеміс және көкөністерді стерильдеп жылумен өндеу	19	Жылулық стерильдеу түрлерінің сипаты. Аппаратуралар мен стерильдеу технологиясы. Стерильдеу техникасы. Стерильдеу режимдері. Консерві түрлерінің өндіру технологиясы. Консервіленген көкөністер. Табиғи және тістемелі консервілер.
		20	Томат өнімдерін дайындау. Маринадтарды дайындау технологиясы. Тұздық пен маринадтарды дайындау. Сироптар.
12	Жеміс және жидек консервілерін дайындау технологиясы	21	Жеміс және жидек консервілерін дайындау. Жеміс – жидекті және көкөністі шырындар өндірсі. Жеміс шырынының жұмсағынсыз (пресстелген – мәлдірленген, мәлдірленбекен, купаждалған) және жұмсағымен (гомогенизация) дайындалатын түрлері. Клетка шырынында еритін заттар, ерімейтін, каротиноидты және колоидты қосылыстар. Пресстелген шырындар.
		22	Абиоз тәсілімен консервілеу принципі. Термиялық стерильдеу, асептикалық консервілеу, электр тогын пайдалану, антисептик және антибиотиктерді қолдану, ультракүлгін және ионды сәулелендіру және сүзу. Шикізаттың технологиялық ерекшеліктері. Шикізатты өндеу, оның технологиялық ерекшелігіне, физикалық, биологиялық қасиеттеріне байланыстырылығы.
		23	Қантпен консервілеу. Тез мұздатып консервілеу. Жемістер мен көкөністерді кептіру. Көкөністерді тұздау, ашыту, жібіту және ферментация процесси.
13	Жеміс-жидек шикізаттарын қайта өндеуге химиялық консерванттарды қолдану	24	Сульфитация. Натрий бензонатымен консервілеу. Сорбин қышқылының тұздарымен консервілеу. Кептіру. Сублимациялық кептіру. Жеміс-жидектерден жартылай дайындықтағы өнім дайындау өндірісі. Антисептикалық әсері бар күкірт қышқылы.
14	Шикізаттар, қосымша заттар және өнделген өнімдерді сактау ережелері	25	Ауылшаруашылық шикізаттарын және қосымша заттарды дұрыс сактау. Шикізат пен қосымша заттардың қажеттілігін есептеу. Жеміс және көкөністерді өндеу қалдықтарын утилизациялау. Тағамдық пектин. Тағамдық бояулар.

Мән мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалықпараттар, суреттер және т.б.).

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Жеміс және көкөністердің сапасы мен сақталғыштығы: Ауылшаруашылық шикізаттарына сипаттама, оның химиялық құрамы және тағамдық құндылығы. Ферментативтік өзгерістер. Ферменттердің белсененділігі мен микроағзалардың өмірсүргіштігіне қолайлы орталар. Өсімдік

текти шикізаттардың жіктелуі және құрылышы мен қасиеттері. Шикізаттың биологиялық ерекшелігі. Өсімдік клеткасының құрылышы.

Жемістер мен көкөністердің өндірілуі: Өндірілуі өндірілген маңызы – микрофлораға қажетті бір немесе бірнеше қолайлы жағдайлардың жою. Жемістер мен көкөністердің химиялық құрамының жалпы сипаттамасы. Жемістер және көкөністердің құрамына кіретін химиялық заттардың – құргақ заттар мөлшері, анықтау жолдары. Жемістер мен көкөністердің химиялық құрамының жеке топтарының маңызы: азотты заттар, ферменттер, көмірсулар, қанттар, крахмал, клетчатка, органикалық қышқылдар, бояғыш заттар, дәрумендер, т.б.

Өсіру жағдайларының жемістер мен көкөністердің сапасына және сақталғыштығына тигізетін әсері: Жемістер және көкөністердің сапасы мен сақталғыштығына әсер ететін факторлары – өсіру кезіндегі экологиялық және агротехникалық жағдайларына, сортқа байланыстылығы. Тыңдайту және суландыру жүйесі. Зиянкестер мен арамшөптерге қарсы құрнесу. Жемістердің тауарлық өндіреуле арналған механикаландырылған линиялар (желілер).

Жеміс-жидектердің жинау жұмыстарына қойылатын негізгі талаптар: Жинау алдындағы жүргізетін шаралар. Жемістер мен көкөністердің пісіу кезеңдері. Жемістердің жинау. Көкөністердің жинау.

Жемістер мен көкөністердің жинау тауарлық өндіреуле: Жеміс көкөністерді сорттау. Жеміс көкөністердің іріктеу. Жемістер мен көкөністердің тауарлық өндіреудің қосымшажұмыстары – тазарту, жуу. Жемістер мен көкөністердің санитарлық бағалау, өнімнің тазалығын және жеміс, көкөністердің кемшіліктерін анықтау. Техникалық және табиғи шығындар. Шығындарға акт түзу.

Жемістер мен көкөністердің тасымалдау және сақтауға қолданылатын ыдыстар: Жемістер мен көкөністердің тасымалдау және сақтау кезіндегі ыдыстары.

Консерві ыдыстарының арналуы, оның түрлері, консерві ыдыстарына қойылатын жалпы талаптар. Өндірістердің шикізатты тасымалдау әдістері. Үйдиссыз тасымалдау. Тасымалдау ыдыстарының түрлері мен өлшемдері. Шикізатты зауытқа қабылдау, оны тіркеу және құжаттамасы.

Жемістер мен көкөністердің сақтаудың теориялық негіздері: Екі жылдық көкөністер мен картоптың сақталымы, тыныштық кезеңінің ұзақтығы және өту тереңдігімен анықталуы. Сақталғыштық – жемістер мен көкөністер сорттарының сақталуға қабілеттілігі, тыныс алу процесі.

Жемістер мен көкөністердің сақтаудың сақтаудың онтайлы жағдайлары: Жемістер мен көкөністердің сақталғыштығына қоршаған ортаның негізгі факторларының – температура, ылғалдылық, ортаның газды құрамы, қосымша факторлар әсері. Сақтау кезіндегі жемістер мен көкөністердің зиянкестері, аурулары және олармен құрнесу шаралары.

Жемістердің, көкөністердің және картоптың сақтаудың негізгі әдістері. Жемістер мен көкөністердің сақтаудың жеке технологиялары: Сақтау әдістерінің жіктелуі. Жасанды түрде салқындастырылмайтын желдетілетін қоймалар. Тоңазытқыш қондырығының жұмыс жасау схемасы. Жемістер мен көкөністердің сақтаудың жеке технологиялары. Картоптың сақтау технологиясы. Капустаны сақтау технологиясы. Тамыржемістілердің сақтау технологиясы. Пияз бер сарымсақты сақтау технологиясы. Алманы сақтау технологиясы.

Жемістер мен көкөністердің өндіреудің негіздері: Жеміс, көкөністердің өндіреудің гылыми негіздері. Жеміс, көкөністердің өндіреудің әдістерінің жіктелуі, сипаттамасы. Шикізат және оны дайындау-жуу, тазалау, бланширлеу. Консервілердің ыдыска салу. Көкөністер мен жемістердің қызумен стерильдеп консервілеу. Автоклав түрлері. Стерильдеу техникасы. Стерильдеу режимдері. Үздіксіз жұмыс істейтін стерилизаторлық аппараттар туралы түсінік. Көкөніс консервілері. Томат өнімдерін дайындау. Маринадтар дайындау технологиясы. Жеміс-жидек консервілерін дайындау. Қантпен консервілеу. Терен мұздату. Жемістер мен көкөністердің көптіру. Көкөністердің тұздадау, ашыту, жемісті жібіту.

Жеміс-жидек шикізаттарын қайта өндіреу химиялық консерванттарды қолдану: Сульфитациялау. Сорбин қышқылы және оның тұздары. Микроорганизмдерінің дамуына кедері болатын көптеген антисептикалық әсері бар химиялық заттар. Жеміс-жидектердің қышқыл ортада сульфитациялау. Сульфитацияланған қышқыл шикізаттан күкіртті ангидрид,

жылыту кезінде жеңіл булануы. Десульфитация.

Шикізаттар, қосымша заттар және өндөлген өнімдерді сақтау ережелері: Шикізаттар, қосымша заттар және өндөлген өнімдерді сақтау ережелері. Сақтау кезіндегі шығындар. Бомбаж түрлері. Масса нетто және стандартпен сәйкестендірілген ауытқуышылықтар. Консерві өнімдерінің бұзылу түрлері, әр бұзылудың пайда болуы себептері.

Зертханалық – тәжірибелі сабактар: Шикізат сапасын анықтау, тыңайтқыштар мен пестицидтердің мөлшерінің шикізат сапасына тигізетін әсерін менгеру, жоғары сапалы әртүрлі дайын өнім шығару технологиялары, қайта өңдеу технологиялық жабдықтары, қоймалар құрылсы, хладоагенттер, дайын өнімнің химиялық құрамын анықтау.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы: Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 2- 2,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап тандалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмада 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәжібаев Төлепберген Сағынұлы. Т 28 Жемістер мен көкөністерді сақтау және өңдеу технологиясы: Оқулық. -Алматы, Қаз. ҰАУ, 2010 281 бет. ISBN 978-601-241-159-1.
2. Сыздықова Л.С. С 94 «Консерві және тағамдық өнімдер технологиясы» оку құралы – Алматы 2015ж: АТУ - 150бет. ISBN 978-601-263-256-9
3. К. Омарова. Справочник по консервированию. Учебное пособие. Издательство «Фолиант». Астана-2010.
4. Широков Е. П., Полегаев В. И. Ш64 Хранение и переработка продукции растениеводства с основами стандартизации и сертификации. Часть 1. Картофель, плоды, овощи. — М.: Колос, 2000. — 254 с.: ил. — (Учебники и учеб. пособия для студентов средних специальных учебных заведений). ISBN 5-10-003325-8

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігінің

**Техникалық және кәсіптік білім
департаменті**

Жұмісов Е.Д.
(қолы)

Т.А.Ә.

« » 202 ж.

Джемілев А.М.

А. Ж. Ә.